

"Мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссияларын тағайындау және босату қағидаларын және Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" ы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 20 мамырдағы № 57 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 9 ақпандағы № 14 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 12 ақпанда № 22195 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 31 наурыздағы № 32 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.03.2026 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссияларын тағайындау және босату қағидаларын және Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 20 мамырдағы № 57 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20820 болып тіркелген, 2020 жылғы 9 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының тарату комиссияларын тағайындау және босату қағидаларын және Мәжбүрлеп

таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының тарату комиссияларын тағайындау және босату қағидалары;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптар бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссияларын тағайындау және босату қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының тарату комиссияларын тағайындау және босату қағидалары";

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының тарату комиссияларын тағайындау және босату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар)" Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) мәжбүрлеп таратылатын екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сондай-ақ қызметі мәжбүрлеп

тоқтатылатын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары (бұдан әрі – мәжбүрлеп таратылатын қаржы ұйымы) тарату комиссияларының төрағасын және мүшелерін тағайындау және босату тәртібін айқындайды.

2. Мәжбүрлеп таратылатын қаржы ұйымы тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелері:

1) мәжбүрлеп таратылатын қаржы ұйымының төрағасына немесе мүшесіне тағайындау үшін құжаттар ұсынған және осы қаулымен бекітілген Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптарға (бұдан әрі – Талаптар) сәйкес келетін, тестілеуден оң нәтижелер алған, Қағидаларға сәйкес әңгімелесуден өткен кандидаттардың (бұдан әрі – кандидат);

2) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның Талаптарға сәйкес келетін қызметкерлерінің (мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясының төрағасы және мүшелері тағайындалған кезде);

3) сақтанушыларға (сақтандырылғандарға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдеріне жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның Талаптарға сәйкес келетін қызметкерлерінің (мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасы және мүшелері тағайындалған кезде);

4) уәкілетті орган қызметкерлерінің арасынан тағайындалады.

Уәкілетті органның қызметкерлері болып табылмайтын, мәжбүрлеп таратылатын қаржы ұйымы тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелері Талаптарға мәжбүрлеп таратылатын қаржы ұйымының тарату комиссиясы қызметінің бүкіл кезеңі ішінде сәйкес келеді.

3. Мәжбүрлеп таратылатын қаржы ұйымы тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелері уәкілетті орган қызметкерлерінің және (немесе) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның немесе сақтандыру төлемдерінің жүзеге асырылуына кепілдік беретін ұйымның (бұдан әрі – кепілдік беру жөніндегі ұйым) қызметкерлерінің арасынан кепілдік беру жөніндегі ұйымның өтінішхаты негізінде:

1) бос лауазымға кандидаттар болмаған немесе кандидаттар Талаптарға сәйкес келмеген;

2) Қағидалардың 24-тармағында көзделген негіздер бойынша уәкілетті органның қызметкерін және (немесе) кепілдік беру жөніндегі ұйымның

қызметкерін босатқан және (немесе) уәкілетті органның басқа қызметкеріне және (немесе) кепілдік беру жөніндегі ұйымның басқа қызметкеріне ауыстыру жолымен уәкілетті органның қызметкерін және (немесе) кепілдік беру жөніндегі ұйымның қызметкерін босату қажет болған жағдайда тағайындалады.

Кепілдік беру жөніндегі ұйымның өтінішхатына Қағидалардың 5-тармағының 5) тармақшасында көзделген құжат қоса беріледі.";

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қағидалардың 6-тармақтарында көзделген жағдайды қоспағанда, кандидат мәжбүрлеп таратылатын қаржы ұйымының атауын көрсете отырып және мынадай құжаттарды қоса бере отырып, уәкілетті органға өзін мәжбүрлеп таратылатын қаржы ұйымы тарату комиссиясының төрағасы немесе мүшесі етіп тағайындау туралы өтінішін ұсынады:

1) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;

2) жоғары білімі туралы дипломның нотариат куәландырған көшірмесі;

3) еңбек кітапшасының немесе еңбек шартының нотариат куәландырған көшірмесі;

4) кандидаттың бұрын тарату комиссиясының төрағасы не мүшесі болғанын куәландыратын құжаттардың көшірмелері (мұндай құжаттар болған жағдайда);

5) Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша әрбір парағына қол қойылған және қол қойылған сауалнама;

6) ұсынылған құжаттардың тізімдемелері.

6. Мәжбүрлеп таратылатын өзге қаржы ұйымы тарату комиссиясының төрағасы немесе мүшесі болып табылатын не бос орынға өтініш берген күннің алдындағы бір жылдың ішінде мәжбүрлеп таратылатын өзге қаржы ұйымы тарату комиссиясының төрағасы немесе мүшесі болған кандидат мыналарды қоса бере отырып, өзін мәжбүрлеп таратылатын қаржы ұйымы тарату комиссиясының төрағасы немесе мүшесі етіп тағайындау туралы өтінішін ұсынады:

1) кандидаттың мәжбүрлеп таратылатын өзге қаржы ұйымы тарату комиссиясының төрағасы не мүшесі болып табылатынын не бұрын болғанын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

2) Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша әрбір парағына қол қойылған және қол қойылған сауалнама.";

қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мәжбүрлеп таратылатын
банктердің, сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымдарының,
қызметі мәжбүрлеп
токтатылатын

Қазақстан Республикасының
бейрезидент- банктері
филиалдарының,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент -сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымдары
филиалдарының
тарату комиссияларын
тағайындау және босату
қағидаларына қосымша";

көрсетілген қаулымен бекітілген Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптарда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптар";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және мәжбүрлеп таратылатын екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының (бұдан әрі – мәжбүрлеп таратылатын қаржы ұйымы) тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптарды белгілейді."

2. Банктерді реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің Төрағасы*

М. Абылкасымова